

**Коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын
№33 «Көркемай» бөбекжай-бақшасы**

**Білім беру саласы: «Таным»
Оқу қызметі: «Математика негіздері»
Тақырыбы: «Санау,артық, кем, екенін атау»
«Ботақан» ересек тобы**



Өткізген: Ниязова.Ж.Қ.

2022 оқу жылы

Бекітемін:

Білім беру саласы: «Таным»

Оқу қызметі: «Математика негіздері»

Тақырыбы: «Санау, артық, кем, екенін атау»

Мақсаты: Заттардың санына қарай салыстыру, артық, кем, ұғымын қалыптастыру. 5 санын құрамын қайталау. Ойлау қабілетін дамыту. Жинақылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, әңгімелесу, дидактикалық ойын, сергіту сәті

Қажетті көрнекі құралдар: Слайд, шығармашылық жұмысқа қажетті құрал-жабдықтар

Тәрбиеші: Сәлеметсіздерме балалар. Бүгін балалар құлпырып әдемі болып тұрсыңдар!

Шаттық шеңбері:

Кәне достар тұрайық

Шеңбер болып тұрайық

Жақсы, жақсы тілектер

Бір-бірімізге сыйлайық

Тәрбиеші: Ал балалар мен сендерге кереметтей үшінші артық деген ойын ала келдім.

Ойын ойнағыларың келеме

Балалар: Ия ойнағымыз келеді

Тәрбиеші: Балалар мен ендеше, сендерге сөз тобын айтамын

Шырын, сүт, нан қайсы айртық? Кім жауап береді

Амир: Апай нан артық, себебі шырын мен сүтті ішеміз

Тәрбиеші: Дұрыс айтасын Амир, отыра ғой. Келесі сөз тобы

Қар, жаңбыр, өзен қайсы артық? Кім жауап береді?

Азиза: Апай өзен артық, себебі қар мен жаңбыр жауады.

Тәрбиеші: Дұрыс айтасын Азиза. Келесі сөз тобы

Аяз, боран, қаңтар қайсы артық? Кім жауап береді?

Ақпейіл: Қаңтар артық себебі, Аяз бен боран табиғат құбылыстары.

Тәрбиеші: Балалар бүгін біз санау, артық, кем ұғымымен танысамыз

Балалар сендер санай аласыңдарма?

Балалар: Ия біз санай аламыз

Тәрбиеші: Ендеше мен сендерге көп түрлі түсті шарлар алып келдім. Кім сол шарларды санайды?

Азиза келе ғой.

Азиза: бір, екі, үш, төрт, бес.

Тәрбиеші: Азиза осы санаған шарларыңды бестен бірге дейін кері санай аласыңба

Азиза: Ия санай аламын, бес, төрт, үш, екі, бір

Тәрбиеші: Азиза сен барлығың дұрыс санадың. Келесі кім санағысы келеді? Айқын келе ғой

Айқын: Бір, екі, үш, төрт, бес.

Тәрбиеші: Айқын осы шарларды кері санай ғой

Айқын: Бес, төрт, үш, екі, бір

Тәрбиеші: Өте жақсы Ақын сен дұрыс санадың. Енедеше әрі қарай ойнымызды жалғастырайық.

Дидактикалық ойын: «Түстері бойынша пішіндерді орналастыр»

Балалар мына жерде үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек бейнеленген ұяшықтар бар. Бізге түрлі түсті асықтар берілген, сол асықтарда пішіндердің суреті жабыстырылған, сол арқылы пішіндерді ұяшыққа орналастырамыз.

Кім ойнағысы келеді?

Айдын, Амир, Ақпейіл асықтарды түсіне, пішініне қарай орналыстырады.

Тәрбиеші: Барлығымыз қараймыз дұрыс орындадымекен тексерейік. Ақпейіл қызыл түспен боялған төртбұрышы бар асықты өзінің ұяшығына дұрыс орналастырған. Өте жақсы балалар сендер барлық асықтарды дұрыс орналастырдыңдар.

Тәрбиеші: Балалар мен сендерге көптеген ойындар алып келдім, келесі ойынымыз.

Дидактикалық ойын: «Асықтарды түсіне қарай орнастыр және сана»

Балалар алдымызда үлкен түрлі түсті мата жәйылып тұр. Менің қолымда жасыл,қызыл,сары,көк,ақ түсті асықтар бар барлығын түсіне қарай дұрыс орналастырамыз. Барлығымыз ортаға келеміз ойынды бастаймыз.

Балалар музыка әуенімен қызығушылықпен ойнайды.

Тәрбиеші: Барлығын дұрыс орналастырып болдықпа. Мен қазір тексеремін. Амира сен қандай асықты орналастырдың

Амира: Апай мен сары түсті асықтарды жинадым.

Тәрбиеші: Ендеше Амира жинаған асықтарыңды санай аласыңба?

Амира: бір,екі,үш,төрт, бес. Апай мен бес асық жинадым.

Тәрбиеші: Өте жақсы Амра, келесі кім қандай асық жинады.

Азамат: Апай мен көк түсті асықты жинадым.

Тәрбиеші: Азамат жинаған көк түсті асығыңды санай аласыңба?

Азамат: бір, екі,үш, төрт, бес

Тәрбиеші: Өте жақсы. Шерхан сен қандай түсті асық жинадың?

Шерхан: Апай мен жасыл түсті асықтарды жинадым.

Тәрбиеші: Өте жақсы ендеше жинаған асықтарыңды санай қойшы?

Шерхан: бір,екі,үш,төрт,бес

Тәрбиеші: Дұрыс Шерхан

Балалар жарайсындар, бүгін біз немен таныстық қандай ойындар ойнадық?

Кім жауап береді?

Амир: Апай біз бүгін түрлі түсті шарларды, тура және кері санадық.

Азиза: Асықтардың түсіне пішініне қарай орналастырдық

Батырбек: Апай түрлі түсті маталарға асықтарды түсіне қарай жинадық және қанша асық жинағамызды санадық

Тәрбиеші: Балалар, бүгін сендер өте жақсы қатыстындар, тапсырмаларды дұрыс орындадыңдар. Бүгінгі күніміз өте жақсы өтті. Рахмет сіздерге!